

ХАДИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН МЕТОДОЛОГИЯСЫ: ХАНАФИ МАЗҺАБЫ НЕГІЗІНДЕ

М.А. Омаров, Ж. Бұлан, М.Т.Құрманалиев

АНДАТПА

Мақалада ханафи мазһабының хадис әдіснамасындағы қайшылықтарды жоюға қатысты теориялық және методологиялық ұстанымдары кешенді түрде қарастырылған. Халықтың тарихи және рухани дүниетанымының өзегінде ханафи мазһабы тұрғаны мойындалады. Діни тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздік мақсатында деструктивті ағымға жол бермеуде ханафи мазһабының дәстүрлі дініміздің әдіснамаларын зерделеу бүгінгі күн тәртібінің басты қағидасы. Зерттеу жұмысы хадистер арасындағы қарама-қайшылықтардың пайда болу себептерін айқындап, оларды шешуде ханафи усул ғалымдарының қолданған негізгі төрт әдісін – насх, таржих, жамғ және тасақут/тауақуф жүйелі талдауға арналады. Авторлар қайшылықтардың негізінен мәтіндердің түсу уақыты мен себебін білмеуден, тілдік ерекшеліктерді ескермеуден, риуаятшылардың жеткізу тәсілдерінен туындайтынын ғылыми негізде түсіндіреді. Ханафи ғалымдарының көзқарастары басқа мазһаб өкілдері мен мухаддистердің пікірлерімен салыстырылып, әдіснамалық айырмашылықтар нақты мысалдар арқылы ашып көрсетілген. Әсіресе ханафилердің «насах» пен «таржихқа» басымдық беріп, риуаятшының фиқһтық қабілетін басты өлшем ретінде қарастыруы мазһабтың ерекшелігін айқындайды. Зерттеу нәтижесінде ханафи мазһабының хадиске қатысты құқықтық ойлау жүйесінің жүйелілігі, дәлелдерге иерархиялық тұрғыда қарау ерекшелігі, сондай-ақ қазіргі діни-идеологиялық ахуалды реттеудегі өзектілігі көрсетілген. Бұл зерттеу жұмысы ислам құқықтануындағы методологиялық көптірлікті түсінуге үлес қосып, қоғамдағы діни қайшылықтарды шешуде практикалық мәнге ие.

Түйін сөздер: Ханафи мазһабы, хадис әдіснамасы, насх, таржих, жамғ, тасақут, усул әл-фиқһ, қарама-қайшылық.

Нұр-Мүбәрәк Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Б. Жоламан,
jolamanbulan@gmail.com

Сілтеме:

Омаров М.А., Бұлан Ж., Құрманалиев М.Т. Хадистер арасындағы қайшылықтарды жоюдың теориясы мен методологиясы: ханафи мазһабы негізінде // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 261-274. – DOI: 10.48010/px0jrj60

Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 10/02/2026
Қабылданды: 15/04/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

Теория и методология устранения противоречий между хадисами: на основе ханафитского мазхаба

Аннотация. В статье комплексно рассмотрены теоретические и методологические позиции ханафитского мазхаба в отношении устранения противоречий в хадисоведении. Признаётся, что ханафитский мазхаб занимает центральное место в историческом и духовном мировоззрении народа. Изучение методологии традиционного ислама в русле ханафитского мазхаба рассматривается как одна из ключевых задач современности в целях обеспечения религиозной стабильности и национальной безопасности, а также недопущения деструктивных течений. Исследование направлено на выявление причин возникновения противоречий между хадисами и на системный анализ четырёх основных методов, применяемых учёными усуль аль-фиқһа ханафитской школы для их разрешения: насх, тарджих, джам' и тасақут/тауақуф. Авторы обосновывают, что источниками противоречий являются, главным образом, незнание времени и причин ниспослания текстов, игнорирование языковых особенностей, а также различия в способе передачи сообщений передатчиками. Взгляды ханафитских учёных сопоставляются с позициями представителей других мазхабов и мухаддисов, при этом методологические различия раскрываются на конкретных примерах. Особое внимание уделяется тому, что ханафиты придают приоритетное значение методам насха и тарджиха, рассматривая факихскую компетенцию передатчика как главный критерий, что и определяет специфику мазхаба. В результате исследования показана системность правовой мысли ханафитского мазхаба в отношении хадисов, иерархический подход к доказательствам, а также актуальность этих методологических принципов в регулировании современного религиозно-идеологического контекста. Данное исследование вносит вклад в понимание методологического многообразия в исламской правовой науке и имеет практическое значение в решении религиозных противоречий в обществе.

Ключевые слова. Ханафитский мазхаб, методология хадисов, насх, тарджих, джам', тасақут, усуль аль-фиқһ, противоречие.

The Theory and Methodology of Resolving Contradictions Among Hadiths: Based on the Hanafi Madhhab

Abstract: The article examines the theoretical and methodological approaches of the Hanafi school to resolving apparent contradictions among hadith reports. It is acknowledged that the Hanafi madhhab occupies a central place in the historical and spiritual worldview of the people. The study of the methodological principles of traditional Islam within the Hanafi framework is regarded as a key priority today in ensuring religious stability and national security, as well as in preventing the spread of destructive movements. The research identifies the main causes of contradictions among hadiths and provides a systematic analysis of the four principal methods employed by Hanafi scholars of *usul al-fiqh* to address them: *naskh*, *tajirih*, *jam'*, and *tasakkut/tawaqquf*. The authors argue that such contradictions arise primarily from a lack of knowledge about the time and circumstances of revelation, neglect of linguistic nuances, and variations in the transmission techniques of narrators. The views of Hanafi scholars are compared with those of other madhhab representatives and hadith specialists, with methodological differences illustrated through specific examples. Particular emphasis is placed on the Hanafi prioritization of *naskh* and *tajirih*, and their treatment of a narrator's juristic competence as a decisive criterion, which distinguishes the school's methodology. The findings demonstrate the systematic character of Hanafi legal reasoning in relation to hadith, its hierarchical approach to legal evidences, as well as the relevance of these principles in addressing contemporary religious and ideological challenges. This study contributes to a deeper understanding of methodological diversity in Islamic legal thought and has practical implications for resolving religious disputes within society.

Keywords: Hanafi Madhhab, Hadith Methodology, Naskh, Tajirih, Jam', Tasakkut, Usul Al-Fiqh, Contradiction.

Кіріспе

Мемлекетіміз дін мен құқықтық демократияның өзара қарым-қатынасын реттеуге ерекше назар аударып келеді. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы «Діни қызметтер мен діни бірлестіктер туралы» преамбуласында ханафи бағытындағы исламдық қазақ халқының мәдениеті мен рухани өміріндегі тарихи рөлі ресми түрде танылған. Осы орайда қазіргі таңда қоғамдағы діни ахуалды тұрақтандыру тетіктерінің бірі – ханифа мазхабына қатысты ғылыми зерттеулердің жан-жақты жүргізілуі болып табылады. Қазіргі Қазақстан қоғамында діни-идеологиялық пікірлер алуандық байқалады. Атап айтқанда «мазһабсыздық», «буквалистік», «псевдосәләфилік» және «құраншылдық» бағыттары діни тәжірибеде елеулі қиындықтар тудыруда. Аталмыш ұстанымдардың өкілдері жиі «қазір сахих хадистер қолымызда бар, ғалымдар оларды білмеген, білгенде солармен амал етер еді» немесе «діндегі барлық қайшылықтар хадистерден туындауда, сондықтан тек Құранмен жүру керек» деген пікірлерді алға тартады. Мұндай көзқарастар мазһабтар арасындағы айырмашылықтарды, құқықтық-әдіснаманың негіздерді хадис ғылымының ішкі логикасын терең танымауынан туындайды. Сондықтан ханафи мазһабының құқықтық нормалар шығаруда хадис әдіснамасын ғылыми тұрғыда талдау, зерттеу – қазіргі қоғам талабы үшін өзекті. Себебі хадистердің құқықтық мағынасын (ди-рая) толық зерттемей, тек риуая мен сыртқы мәтініне ғана сүйену қоғамның рухани бірлігіне теріс әсер береді.

Хадис терминологиясын тек мухаддис-тер ғана емес, фиқһ мамандары мен усул ғалымдары да зерттеген. Бұл үш бағыттағы ғалымдардың басым көпшілігі төрт имамның мазһабына ерушілер болған. Ал Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы (ҚМДБ) ханафи мазһабының сан ғасырлық тәжірибесінде қазақ халқының тарихи-рухани болмысы ретінде ресми түрде басшылыққа алған.

Ханафи құқық мектебінің хадис таңдау, онымен амал ету және құқықтық иерархия құрудағы әдістемелерін терең білу ерекше маңызға ие. Өйткені хадис терминологиясына қатысты жазған ғалымдардың көпшілігі шафиғи мазһабының өкілдері болғандықтан кей мәселелерге өз мазһабтарына сай ұстанымдарын қосқан. Хадис терминологиясымен танысқан оқырман өзі ұстанатын мазһаб мектебінің әдістерінен өзгешелік байқап, қағидалар арасында қайшылыққа түсіп, тығырыққа тірелуі мүмкін. Сондықтан ханафи хадис әдіснамасымен таныспаған оқырман өз мазһабының қағидалары мен жалпы хадис ғылымының ереже-лері арасында қайшылықтарды байқап, түсінбеушілікке ұрынуы мүмкін. Ханафи құқықтық мектебінде хадиспен амал ету шарттары, дәлелдеу критерийлері және құқықтық иерархиясы өзгеше құрылымға ие. Сол себепті ханафи хадис әдіснамасын жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыру қоғамның өзекті қажеттілігіне айналып отыр. Бұл бағыт ҚМДБ-ның ресми діни саясаты мен ағартушылық қызметінде де айқын көрініс табады.

Ислам мәдениеті мен өркениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын хадис ғылымын зерттеу Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл мұсылман әлемі үшін өзектілігін

жоғалтпаған мәселе. Соңғы ғасырларда ханафи хадис әдіснамасы деп жеке сала ретінде қарастырыла бастады. Оның негізгі себебі - ханафи мазһабының хадистерді талдау әдісі жалпы хадис терминологиясынан айтарлықтай ерекшеленеді.

Халықаралық деңгейде бұл тақырып бойынша бірқатар маңызды зерттеулер жарияланған. С. К. Сууд және С. Ариф (2023) ханафи юриспруденциясының тарихи дамуын жан-жақты шолып өткен [1]. С. Гайбуллаев, К. Ашурович (2021) Мауараннахр аймағындағы усул әл-фиқһтың қалыптасуы мен дамуына, жергілікті құқықтық ерекшеліктеріне тоқталған. [2]. Мухаммед Абдуррашид ән-Нұғманидің «Мәкәнату әл-имам Әбу Ханифа фи әл-хадис» (Имам Әбу Ханифаның хадис іліміндегі орны) еңбегі Әбу Ханифаның хадис іліміндегі орнын және оның құқықтық жүйемен үйлестірілген тәсілін ашады. Абдулмажид әт-Туркманидің «Дирасату фи усули әл-хадис ала манһажи әл-ханафия» (Ханафи мазһабы әдістемесі негізінде хадис әдіснамасын зерттеулері) [3] және Абдулмажид әл-Жузжанидің «Қауағиду фи ғулуми әл-хадис ән-Нәбауи ғала манһажи әс-садати әл-ханафия» (Ханафи мазһабының жолымен хадис іліміндегі қағидалар) атты еңбектері ханафи әдіснамасының негізгі қағидаларын жүйелі түрде баяндап, ханафи мектебіне тән хадис әдіснамалық ережелерін талдайды. Түркиялық ғалымдар Метин Игит пен Мехмет Өзченелдің зерттеулері де «İmam Ebu Hanife'nin Hadis Anlayışı ve Hanafi Mezhebinin Hadis Metodu» (Әбу Ханифаның хадис түсінігі және ханафи мазһабының хадис әдіснамасы), «Ebu Yusuf'un Hadis Anlayışı» (Әбу Юсуфтың хадис туралы түсінігі) бұл бағыттағы сүбелі еңбектер болып саналады.

Отандық зерттеушілерде осы тақырып төңірегінде ізденіп, тұжырымдамаларын ғылым алаңына салды. PhD доктор Қ.М. Жолдыбайұлы «Ханафи мазһабының хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фиқһи тармақ мәселелерге әсері» тақырыбындағы диссертациясы осы бағыттағы маңызды еңбектердің бірі. Жалпы алғанда, ханафи мазһабының хадис әдіснамасын зерттеу тек теориялық маңызға ғана емес, қоғамдағы діни тәжірибені жүйелеп, радикалды идеологиялық топтарға төтеп беру және ұлттық бірегейлікті күшейтуде маңызды функция атқарады.

Жоғарыда аталған зерттеулер ханафи мазһабының хадис әдіснамасының жал-

пы қағидаларына тоқталғанымен, хадистер арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу теориясы мен әдістемесіне жан-жақты талдау жасалмаған. Осы олқылықты толтыру мақсатында ұсынылып отырған ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – хадистер арасындағы қайшылықтарды жою теориясы мен әдіснамасын терең зерттеу, оларды басқа мазһабтардың тәсілдерімен салыстыру арқылы отандық исламтану ғылымының дамуына, ҚМДБ-ның үкім хадистерге қатысты ұстанымын, әдіснамалық тұрғыдан жетілдіруге және қоғамдық ағартушылық жұмыстарын күшейтуге үлес қосу.

Ғылыми мақаланың мақсатына сәйкес келесідей міндеттер алға қойылды:

- Ханафи ғалымдарының хадистер арасындағы қайшылықтарды жоюдың алғы-шарттарын айқындау;

- Хадис әдіснамасындағы хадистер арасындағы қайшылықтарды шешудің арнайы әдістер жүйесін анықтау және жүйелеу;

- Ханафи әдіснамасын басқа мазһабтардың тәсілдерімен салыстырмалы талдау;

- Зерттеу нәтижелерін Қазақстандағы діни-ағартушылық қызметті жетілдіруде пайдалану мүмкіндіктерін ұсыну.

Осылайша, ханафи мазһабының хадис әдіснамасын ғылыми тұрғыдан зерттеу - тек теориялық маңызға ғана емес, тәжірибелік тұрғыдан қоғамдағы діни тұрақтылықты нығайтуға, ұлттық рухани бірегейлікті сақтауға да айтарлықтай үлес қосу.

Әдіснама

Мақалада хадистер мен фиқһ қағидалары арасындағы сырттай қарама-қайшылықтарды шешу тәсілдері Ханафи мазһабының методологиялық ұстанымдары негізінде талданды. Зерттеу барысында классикалық ханафи усул және фуруғ еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, «әл-Хидая», «әл-Мабсут», «Усул әс-Сарахси», «әл-Фусул фи-л-усул» секілді еңбектердегі теориялық тұжырымдар мен практикалық мысалдар негізге алынды.

Зерттеу аясында хадистер мәтіндері мен фиқһ қағидалары арасында туындайтын қайшылықтар нақты мысалдар арқылы қарастырылып, олардың шешу жолдары ханафи әдіснамасы тұрғысынан түсіндірілді.

Мақалада салыстырмалы талдау, мәтіндік-деректанулық және аналитикалық

тәсілдер қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы ханафи ғалымдарының методологиялық ұстанымдары жумһур және мухаддис ғалымдардың көзқарастарымен салыстырылды. Мәтіндік-деректанулық әдіс негізінде классикалық еңбектердегі риуаяттар мен құқықтық тұжырымдардың мазмұны сарапталды. Ал аналитикалық әдіс арқылы хадистердің арасындағы қайшылықты шешу жолдарының методологиялық әрі құқықтық негіздері жүйеленді. Бұл әдістер Ханафи мазһабының үкім шығарудағы рационалдық және жүйелілік сипатын көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының діни-құқықтық ұстанымдары да ханафи мектебіне негізделгені көрсетеді.

Негізгі бөлім

Ислам тарихына үңілсек, діни мәтіндерді түсінудегі айырмашылықтар Пайғамбардың көзі тірісінде-ақ орын алғанын байқаймыз. Мысалы, Пайғамбар: «Бәни Құрайзаға бармай тұрып ешқайсың екінді намазын оқымаңдар» деген әмірді сахабалар әртүрлі түсінді. Бір топ сахаба намаз уақытын өткізбей жолда оқыса, екіншісі Бәни Құрайзаға жеткен соң қаза етіп оқыды. Мұндай айырмашылыққа сахабалардың бұған дейін Пайғамбардан алған түсініктері мен танымдары әсер еткен. Уақытында оқығандар «намаз уақытын сақтау» туралы хадистерге сүйеніп, бұйрықты тез жетіндер деп түсінген. Ал екіншілері «Пайғамбарға толық мойынсұну» қағидасына сүйенеді. Кейін бұл жағдай Пайғамбарға жеткенде, екі тараптың әрекетін де мақұлдады. Бұл оқиға сахабалардың түсінігінің әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Пайғамбардан кейін де сахабалар арасында түрлі мәселелерде өзара кеңесіп, әртүрлі риуаяттар мен дәлелдерді ұстанды. Егер бір сахабаның белгілі бір мәселе жөніндегі пікірі басқа сахабалар арасында тарап, ешкім қарсы шықпаса, мұндай ислам құқық ілімінде «сукуту ижмағ» (үнсіз келісім) деп аталады [4, 112 б.]. Алайда бір сахабаның жеке көзқарасы басқа сахабалар үшін міндетті дәлел болып саналмайды. Себебі сахабалар өзара пікір алмасу барысында көптеген мәселелерде бір-бірімен пікір таластырып, ихтиләф (келіспеушіліктер) орын алған. Егер бір сахабаның пікірі өзге сахабалар үшін шариғи тұрғыдан бұлтартпас

дәлел болғанда, олардың арасында мұндай пікір алуандығы байқалмас еді [5, 155 б.]. Демек сахабалар белгілі бір мәселеде ихтиләфке түскен болса, бұл жағдайда бір сахабаның көзқарасын ұстану міндетті болып саналмайды. Мұндай жағдайда мужтаһид ғалым дәлелдердің қуаттылығына қарай пікірлердің бірін таңдауға құқылы.

Фиқһ методологиясы (усул әл-фиқһ) саласында «تعارض» термині екі дәлелдің бір-біріне қарама-қайшы келуін білдіреді. Усул еңбектерінде оған: «Екі дәлелдің әрқайсысы екіншісінің үкімін жоққа шығаратын жағдайда болуы» (3, 654 б.) немесе «Екі бірдей дәрежедегі дәлелдің әрқайсысының екіншісінің үкімін жоюға немесе шектеуге бағытталған түрде қарсы келуі» деген анықтама берілген [6, 74 б.]. Яғни, екі дәлелдің бір-бірінің үкімін жоққа шығаратындай түрде қарама-қайшы келуі. Бұл анықтамалардан тағаруздың келесідей шарты бар екені байқалады. Бірінші, дәлелдер бірдей дәрежеде болу қажет. Екінші, олардан алынған үкімдер бір-біріне қайшы болуы тиіс. Үшінші, бір дәлелдің мазмұны екінші дәлелдің үкімін қабылдауға кедергі келтіруі керек. Дәлелдердің бірдей дәрежеде болуы дегеніміз аят пен аят арасында, аят пен мутауатир хадис, екі мутауатир хадистер арасында немесе екі мутауатир емес хадистер арасында қайшылықтар меңзеледі. Жоғарыда аталған анықтамада «екі тең дәлел», «қарама-қарсы болу» және «бірінің екіншісіне кедергі келтіруі» сияқты сипаттамалар қарама-қайшылықтың ғылыми мағынасын нақтылап береді. Құран секілді қатғи дәлел мен ахад хадис сияқты занни дәлел арасында шынайы қайшылық болмайды. Демек, қандай да бір екі дәлелдің арасында шынайы қарама-қайшылық бар деп айту үшін, олардың екі жақтан тең болуы (күші, дәлелдік дәрежесі), және бірінің мазмұны екіншісінің үкімін қабылдауға тосқауыл болатындай болуы шарт.

Шариғи дәлелдердің арасында шынайы қарама-қайшылық бар ма деген мәселе фиқһ методологиясында (усул әл-фиқһ) көп талқыланған тақырыптардың бірі. Ғалымдардың басым көпшілігі мына пікірге тоқталған: «Шариғи дәлелдер арасында нақты, шынайы қайшылық болмайды. Егер бір қайшылық байқалса, бұл - көбіне мужтаһидтің дәлелдерді түсінуі, олардың айтылу уақыты мен себебін анықтауы немесе насх пен мансұхты ажырату барысында туындайды» [6, 78

б.]. Себебі, Алланың шариғаты бір мезгілде бір-біріне қарама-қайшы үкімдермен адамдарды міндеттей алмайды.

Дәлелдер арасында қарама-қайшылық бар деп ойлаудың бірнеше себебі бар: Біріншіден, дәлелдер арасындағы байланыстың бірден байқалмауы. Екіншіден, дәлел ретінде жарамсыз нәрселерді дәлел ретінде қабылдау. Үшіншіден, уақытша белгіленген үкімдерді тұрақты үкім деп түсіну [7, 396 б.].

Имам Сарахси бұл жайлы былай дейді: «Құран мен Сүннет сияқты шариғи дәлелдер арасында өз мәнінде (уадғи тұрғыда) қарама-қайшылық болмайды. Өйткені мұндай жағдай әлсіздіктің белгісі болар еді, өтеді [8]. Ал Алла Тағала әлсіздікпен сипатталудан пәк. Қайшылық аят пен хадистің тарихи ретін білмеуімізден болады. Себебі біз дәлелдер арасындағы насх пен мансұхты (үкімнің күшін жою мен жойылған үкімнің) ажыратуда әлсіздік танытқан кезде қарама-қайшылық орын алады» (4, 300 б.). Яғни дәлелдер арасындағы сырттай қайшылықты анықтап оны жою үшін олардың тусу (аят) және айтылу (хадис) уақыты, мәтіндік құрлымы және құқықтық мақсаты екерілуі керек. Соңғы келген діни мәтін алдыңғының үкімін жойған деп санайды. Осылай діни мәтіндер арасындағы қайшылық жойылады.

Қорытындылай келе, дәлелдер арасындағы көрінетін қарама-қайшылық – шын мәнінде біздің түсінігімізде ғана бар. Ал, Алланың шариғаты тұрғысынан ондай қайшылық жоқ.

Хадистер арасындағы қайшылық туындауына көптеген факторлар әсер етеді. Олардың негізгілері: тілдік фактор, хадистің айтылу себебі және риуаятшы факторы.

Тілдік фактор - Пайғамбар араб тілінде сөйлегендіктен және араб мәдениетінде өмір сүргендіктен оның сөздерін түсінуде араб тілінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Бір тақырыпты кейде жалпы (ғамм) мағынадағы сөзбен, кейде нақты (хасс) мағынадағы сөзбен жеткізілуі мүмкін. Ал кейде жалпы сөз қолданылғанымен, одан нақты мағына көзделуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, шын мәнінде емес, сыртқы көріністе қайшылық туындайды. Сондықтан фиқһ негізінде үкім ғамм-хасс, мутлақ-муқайяд, хақиқат-мәжаз, заһир-нас сияқты тілдік категориялық терминдер терең зерттеледі. Тіпті бір сөздің әртүрлі харакатпен (дыбысталумен) оқылуы немесе әртүрлі грамматикалық талдаулармен

(иғраб) риуаят етілуі де фақиһтер арасындағы ихтиләфқа себеп болуы мүмкін.

Айтылу себебі – хадистің айтылу себебі. Құранда аяттардың түсірілу себебі (сәбебун-нузул) қаншалықты маңызды болса, хадистерде де хадистің айтылу себебі де (уруд себебі) соншалықты маңызды. Бір-біріне ұқсас оқиға бірнеше рет орын алған немесе бір сұрақ Пайғамбарға бірнеше мәрте қойылуы мүмкін. Риуаятшылар әртүрлі сөздермен жеткізеді. Сондықтан хадистің қай кезде, кімге және қандай мақсатта айтылғанын ескеру тиіс. Демек контекстке көңіл бөлмеу жеке жағдайға қатысты айтылған үкімді жалпы үкімге айналдырып, басқа мәтіндермен сырттай қайшылық тудыруы мүмкін [9].

Риуаятшы факторы - Хадистің тілдік фактор, айтылу себебі сияқты, оны жеткізуші риуаятшы да өте маңызды. Жеткізуші рауидің адалдығы, есте сақтау қабілеті, фиқһтық білімі, сенімділігі және мазһабтық ұстанымы риуаяттың қабылдауына әсер етеді. Хадис ғылымында иснад (тізбек) және рижал (тұлға) ілімдері осы мәселеге негізделген.

Ханафи ғалымдары хадисті жеткізуші фиқһтық амалы немесе фәтуасы өзі риуаят еткен хадисіне қайшы келсе, мұны хадистің дәлелдік қуатына әсер ететін фактор деп есептейді. Себебі мұндай жағдайда рауи хадистің насх етілгенін, тахсиске ұшырағанын немесе екінші дәлелмен жойылғанын білген болуы мүмкін [10].

Риуаятшы факторларына мыналар жатады:

- Бір рауидың хадисті толық жеткізсе, екіншісінің тек бір бөлігін риуаят етуі;
- Рауидың фиқһтық деңгейі мен жеткізген мәселеге шеберлігі;
- Хадисті мағынамен немесе сөзбе-сөз риуаят етуі.

Бұл факторлардың барлығы хадистер арасындағы айырмашылықтың және сырттай қайшылықтың басты себептері болып саналады.

Ханафи усул ғалымдары қарама-қайшылықты түсіндіру барысында екі негізгі қағидасын көрсетеді:

1. *Рүкін (құрылымдық элемент)*; қарама-қайшылық орын алу үшін бір мәселеге қатысты екі немесе оданда көп дәлел болуы керек [11, 113 б.]. Яғни қандайда бір үкім қарама-қайшы болуы үшін, сол тақырыпқа қатысты екі немесе оданда көп дәлелдердің болуы шарт. Егер бір ғана дәлел болса қарама-қайшылық орын алмайды. Бұны *дәлелдердің көптігі* «тағаддуд» деп атайды.

Сондай-ақ қарама-қайшылық шарғи дәлелдер арасында ғана болады. Демек хабарлар Құран немесе сүннеттің ішінде қайшылығы болса, бұны *қарама-қайшылық* (тағаруд) деп қабылданады. Ал, мужтахидтердің өз пікірлері арасындағы қарама-қайшылықтар «тағаруд» болып есептелмейді. Себебі, жеке иждиһад өздігінен шарғи дәлел емес. Бұны дәлелдердің шарифи болуы деп атайды.

2. *Шарт*: Екі дәлел бір тақырыпқа, бір уақытта, бір мекенге және бір жағдайға қатысты болуы қажет. Сондықтан біз, мекеннің бір болуы қарама-қайшылық болуының шарты, рүкні емес деп айтамыз. Себебі қара-қайшылық тек қана бір мекенде ғана орын алады [11, 113 б.]. Шарттары келесідей екіге бөлінеді:

А) Үкімдердің өзара қайшы болуы. Екі дәлел бір-бірін жоққа шығаратындай, бірінің үкімін екіншісі теріске шығаратын мазмұнға ие болуы керек. Мысалы: бірінде «харам», екіншісінде «халал». Бірінде «сахих», екіншісінде «батил», бірінде «рұқсат», екіншісінде «тыйым» секілді бір-біріне кереғар үкімдер қамтылса – қарама-қайшылық бар деген сөз.

Б) Дәлелдердің бір тақырыпқа қатысты болуы. Екі дәлел бірдей уақыт пен жағдайға қатысты болуы тиіс. Егер дәлелдердің бірі басқа уақытқа болса, екіншісі басқа жағдайға қатысты болса, онда бұл қарама-қайшы (тағаруд) емес. Басқа фикһи әдістермен шешілетін мәселе болып саналады.

Екі хабар бір-біріне қарама-қайшы жағдайда үкім не болмақ? Арадағы қайшылықты қалай жоямыз? Деген мәселеде ханафи ғалымдарының түрлі пікірлері бар. Хадистер арасында қарама-қайшылыққа тап болған жағдайда, оны шешуге бағытталған арнайы әдістер жүйесі қалыптасқан. Бұл әдістер – ғасырлар бойы мұсылман құқықшылары мен хадис ғұламаларының терең талдауы нәтижесінде анықталған. Ханафи әдіснамасында бұл әдістер белгілі бір реттілікпен қолданылады: насх, таржих, жамғ және тасақут.

1. Насх

Насх (үкімнің күшін жою) – кейінірек келген шарифи үкімнің (настың) бұрынғы келген басқа үкімнің күшін жоюы. Бұл жағдайда бұрынғы үкім жойылып, оның орнына жаңасы алынады. Насх шынайы қайшылықты емес, уақыттық өзгерісті білдіреді. Бұл әдіс көбіне уақыты нақты анықталған риуаяттарда қолданылады.

Дәлелдер арасында қайшылық орын алған жағдайда ханафи ғалымдары қолданған әдістер жайлы былай түсіндіруге болады. Бұл әдістер хадистер арасындағы хадистер жағдайында да қолданылады. Егер екі хабар арасында нақты қайшылық бар болса, ханафилердің көзқарасы бойынша, мужтахид ең алдымен хадистердің уақытын зерттейді. Егер олардың нақты уақыты белгілі болса, уақыт жағынан кейін келген дәлел бұрынғыны жояды (наسخ етеді). Бірақ бұл жерде есте сақтау қажет: насх барлық дәлелдер арасында орын ала бермейді. Оның белгілі шарттары бар. Ең алдымен кейбір шарифи дәлелдер насхті қабыл етпейді. Мысалы: ақида мәселелері, әділдік пен зұлымдық сияқты тұрақты моральдық қағидаларға насх жүрмейді [12].

Бір дәлелді, тек соған тең немесе одан күшті дәлел ғана насх ете алады. Мысалы, Құран аятын тек басқа бір аят немесе мүтәуәтір хадис насх ете алады. Ханафилердің пікірінше, мәшһүр хадис те Құран үкіміне қосымша шектеу немесе түсіндірме енгізе алады. Ал ахад хадис Құранды немесе мүтәуәтір хадисті насх ете алмайды. Себебі ахад хадистің дәлелдігі занни (күдікпен расталған), ал Құран мен мүтәуәтір хадис қатғи (айқын) сипаттағы дәлелдер. Мысал: Құранда тыйым салынған әйелдер тізімі берілгеннен кейін «Бұлардан басқа әйелдер сендерге адал» деп айтылған (Ниса сүресі, 24 аят). Бұдан тыс әйелдермен үйленуге болады деген мағына шығады. Бірақ хадисте: «Әйеліңнің ағасының не қарындасының қыздарына үстем етіп (қосып) үйленбесін» [13, 524 б.] деген тыйым бар. Бұл тыйым аятта жоқ қосымша үкім болғанымен, хадис мәшһүр деңгейінде болғандықтан, ол қабыл етіледі. Мәргинани бұл туралы: «Бұл хадис мәшһүр. Мұндай хадис арқылы Құран үкіміне қосымша үкім енгізуге болады», – деген [14, 14 б.].

Пәздәуи: машһүр салафтардың қабылдауымен амал етуге дәлел болады. Яғни мутауатир дәрежесіндей. Және машһүр хадиспен аятты мансух етуге болады. Осыған мысал ретінде: мәсіх тарту, үйленген зинашыларға рәжм жазасын беру, анттың кәффарат оразасын үзіліссіз ұстау сияқты үкімдерді келтірген [15, 358 б.].

2. Таржих

Таржих (бірін екіншісінен артық көру) – қарама-қайшылық жағдайындағы дәлелдердің ішінен бірін екіншісінен қарағанда артық көру және сонымен амал ету. Егер екі хадистің

қайсысы кейін айтылғаны анықталмаса және насх жасау мүмкін болмаса, онда олардың арасында таржих жасалады. Бұл кезде хадистің сенімділігі (сахих-дағиф), рауилерінің саны мен сенімділігі, қолдану аясы, үкімнің нақты немесе жалпы болуы, рауидің фиқһтық деңгейі, хадистің Құран немесе белгілі сүннетпен сәйкестігі ескеріледі.

Хадистер арасында қайшылық туындаған жағдайда, егер олардың қайсысының кейін түскені анықталмаса немесе басқа себептерге байланысты бір хадистің екіншісін насх еткені туралы үкім шығаруға мүмкіндік болмаса, онда арнайы қағидалар негізінде олардың арасында таржих (басымдық) жасалады. Зерттеу мен талдау нәтижесінде ражих (басымдық) болған риуаятпен амал етіледі. Ал маржух (әлсіз) болған риуаятқа амал етілмейді.

Ханафи ғалымдары хадистер арасында таржих жасау үшін қолданылатын бірнеше әдіс бар. Бұл әдістерді екі үлкен топқа бөлуге болады:

1. Риуаяттың ішкі мазмұнына (ішкі құрылымына) негізделген таржих.

2. Риуаяттың сыртқы (хадистен тыс) факторларына негізделген таржих.

Риуаяттың ішкі мазмұнына негізделген таржих екіге бөлінеді:

- Хадистің иснадына (тізбегіне) қарай таржих;

- Хадистің мәтініне қарай таржих [16, 106-107 бб.].

Бұл екеуінің әрқайсысы да бірнеше тармаққа бөлінеді. Енді сол тармақтардың барлығына тоқталмай, тек бір бөлгіне ғана қысқаша шолу жасайық: Хадистің иснадына негізделген таржихте риуаятшылар саны, иснадтың жоғары немесе төмен болуы, риуаят иснадтарының көптігі, риуаятшылардың фиқһқа жетіктігі сияқты өлшемдерге назар аударылады. Сондай-ақ риуаятшының жаттау қабілетінің (хифз) жоғары болуы. Егер екі хадис те қайшы келсе, онда жаттауы мықты риуаятшының хадисі артық саналады. Бұл мәселеде Ханафилер мен басқа мәзһаб ғалымдары арасында түрлі әдіснама бар.

Ханафи ғалымдары ерекше басымдық берген ражихтың түрі - риуаятшының фақиһ болуы. Себебі хадис мағынамен риуаят етілгендігінен туындайды. Егер риуаятшы фиқһты (ислам құқығын) жетік меңгерген болса, ол хадистің мақсатын терең түсінеді және оны дәл мағынада жеткізе алады. Мысалы: 1-хадис: Әбу хурайра: «Кімде-кім жүніп

күйде таң аттырса, ол ораза ұстамасын», – деген [17, 543 б.]. 2-хадис: Айша: «Алла Елшісі ұйқыдан жүніп болып емес, тек жыныстық қатынастан жүніп болып таң аттырып, кейін ораза тұтатын», – деген [18, 464 б.].

Бұл екі хадис арасында сырттай қайшылық бар. Ханафи және көпшілік ғалымдар Абу хурайрадан жеткен хадис жарамсыз деп, Айшаның фиқһтық танымы терең болғандықтан оның риуаятын қабылдап, басымдық береді. Себебі Айша Пайғамбардың үй ішіндегі жағдайын жақсы білген, әрі сахабалар арасында фиқһты жақсы білуші ретінде танылған [19].

3. Жамғ

Жамғ (Жинақтау) – сырттай қайшы көрінген екі хадисті бір-біріне қарсы қоймай, екеуіне де амал етуге мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл әдіс ғалымдардың ең ұнатқан әдістерінің бірі. Бірақ бұл әдіс қолданылуы үшін жасалған тәуил тілдік, шариғи және құқықтық тұрғыдан негізді болуы керек. Дәлелсіз немесе жасанды жорамал жамғ деп қабылданбайды.

Екі хадистің бір мезгілде қолдануға келетіндей болуы, шариғи дәлелдерге негізделген түсіндірмемен біріктірілуі қажет. Мәселен; Бір хадисте пайғамбар дәрет алу кезінде басын бір рет сүрткен (масх жасаған) десе, екіншісінде үш рет сүрткен делінеді. Мұнда ғалымдар: “Бір рет – міндетті, үш рет – сүннет” деп, екеуін үйлестірген.

Өзара қайшылықта болған хадистердің екеуін де тиісті мағынаға жору арқылы олардың арасындағы қайшылықты жойып, екі хадиске де амал ету мүмкіндігін қамтамасыз етуді – жамғ (біріктіру) әдісі деп аталады. Бұл тәсілді барлық ислам ғалымдары мойындағанымен, оның ауқымы мен хадистер арасындағы қайшылықты шешу жолдарының реті жөнінде келіспеушіліктер болған. Көпшілік ғалымдар бұл әдісті бірінші орында қолдануды жөн санама, Ханафилер үшінші кезекке қойған. Алайда бұл әдіске жүгінбестен бұрын мына жайтты ескерген жөн:

Жамғ әдісін қолдану арқылы әрбір хадиске амал етуге мүмкіндік береді. Алайда жасалатын жорамалды (тәуилді) қолдайтын шариғи дәлелдердің болуы – негізгі шарт. Тек өз пікіріне сүйеніп жасалатын жорамалды жамғ деп қабылдау дұрыс емес. Сол себепті, бұл әдіс тек хадис пен фиқһ ғылымын және олардың әдіснамаларын жетік меңгерген

фақиһ ғалымдарға тиесілі. Ғалымдар әділ жорамалмен ұштастырылған хадистердің екеуіне де амал етудің уәжіп екенінде бірауыздан келісімде болған. Егерде келесідей шарттар орындалса қарама-қайшы жағдайындағы хадистердің қайсысы бұрын, қайсысы кейін айтылғаны белгісіз болуы қажет. Жорамалдаған мағына тілдік құрылымға сәйкес болуы. Пайдалану үрдісі мен шарифатта қолданылу әдетіне сай келуі қажет.

Мысалы, ихрамдағы адамның аң етін жеуіне байланысты хадистер арасында сырттай қайшылық байқалады: бір хадисте Әбу Қатада әл-Әнсаридің ихрамда болмаған күйде, қажылық ихрамына кірген сахабалармен бірге сапарда болады. Әбу Қатада жоллай зебра көреді де, оны аулап алады. Кейін сапардағылардың бәрі оның етінен жейді. Бірақ ихрамда болған сахабалар: «Біз ихрамда бола тұра, олжаланған аңның етін жеуіміз дұрыс па?» – деп күмәнданады. Олар артылып қалған еттің бір бөлігін алып, Пайғамбарға келеді. Ол: «Сендерден біреуің Әбу Қатадаға аң аулауды бұйырдыңдар ма, немесе ишарамен аңды көрсетіп жібердіңдер ме?» – деп сұрайды. Сахабалар: «Жоқ», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбар: «Олай болса, қалған еттен де жеңдер» [18, 440 б.], – дейді.

Ал екінші хадисте Пайғамбар ихрамда жүрген кезінде Са'б ибн Жессама оған зебра етін сыйға тартады. Алайда Пайғамбар бұл сыйды қабылдамайды. Са'б ибн Жессаманың жүзіне реніш түскенін көріп, Пайғамбар (с.а.у.): «Біз ихрамда болғанымыз үшін ғана қабылдамадық» [18, 441 б.], – деп түсіндіреді.

Алғашқы хадис ихрамда болмаған адамның аулаған аңын жеуге ихрамдағы адам үшін рұқсат бар екенін білдіреді. Екінші хадис болса, мұндай етті жеу рұқсат етілмегенін көрсетеді. Ғалымдар бұл екі хадисті әртүрлі жағдайларға жорамалдап үйлестірген. Біріншісі, егер аң ихрамдағы адам үшін арнайы ауланбаған болса, тек өзіне жеу үшін аулаған болғанда ғана оның етін жеуге рұқсат етіледі; екіншісі, ал егер аң арнайы ихрамдағы адамға аулап берген жағдайда болса, онда оны жеуге болмайды. Осылайша, екі хадис әртүрлі жағдайға қатысты деп есептеліп, сыртқы қайшылық жойылады. Екі хадиске де амал ету мүмкіндігі сақталады.

Жамиғ (біріктіру) әдісі бұл жерде келтірілгендер тек үлгі ретінде берілген. Өйткені жамғтың нақты саны белгісіз. Кейбір ғалымдар оның негізгі үш түрін айтса, өзгелері

қосымша тармақтарды қосып, оны сегіз түрге дейін жеткізген. Бұл жамғ жолдарын нақты бір шеңбермен шектеу мүмкін емес. Себебі әрбір мужтаһид өз көзқарасын түрлі дәлелдермен негіздеп, түрлі жорамалды таңдауы мүмкін. Бір ғалым белгілі бір хадисті өз әдісіне сай түсіндірсе, екінші ғалым сол хадиске өзге тұрғыда мағына беріп, басқа қорытындыға келуі ықтимал. Бұл жағдайды Ләкнәуи: «Біріктірудің нақты шекарасы жоқ. Бір ғалымның байқай алмаған біріктіру бағытын, басқа бір ғалым байқап, түсіндіре алады», [20, 204 б.] – деп сипаттаған.

4. Тасақут/ Тауаққуф

Тасақут (екі дәлелдің де үкімнен түсіп қалуы) – қарама-қайшы келген екі дәлелдің де үкім шығаруда қабылданылмай дәлдік күші толық түсіп қалуы туралы тәсіл. Бұл әдіс жоғарыда айтылған насх, таржих және жамғ әдістері арқылы қайшылық мәселелерін шешу мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Бұл жағдай, әдетте мынадай шарттарда орын алады:

- Дәреже жағынан бірдей хадистер бір-біріне қарама-қайшы болса;
- Олардың арасын үйлестіру мүмкін болмаса;
- Бірін екіншісінен артық көруге негіз табылмаса.

Мұндай жағдайда ғалымдар қарама-қайшы дәлелдердің ешқайсысынан үкім шығарылмай, басқа қияс, ижмағ және сахаба сөзі сондай-ақ шарифаттың жалпы қағидалары секілді дәлелдерге сүйенеді. Үш мазһаб имамдары мен мухаддистер бұл тәсілді «тауаққуф» деп атайды. Тауаққуф - шешім табылғанға дейін үкім беруді тоқтату дегенді білдіреді. Ал ханафи ғалымдары бұл әдісті «тасақут» деп атаған. Себебі олардың түсінігінде мұндай кезде қарама-қайшы дәлелдер үкім шығаруда қолданылмайды. Демек, «тауаққуф» пен «тасақут» терминдерінің арасында мағыналық жақындық болғанымен, әдіснамалықта айырмашылық бар. Мухаддистер бұл әдісті «екеуінің қайшылығы шешілмейінше олармен амал етпей, шешім табылғанға дейін күту» деп түсіндіріп, оны «тауаққуф» деп атайды. Ал Ханафи ғалымдары оны «мүлде амал етпей тастау, ескермей қою» деп түсінгендіктен, «тасақут» терминін қолданған. Қарама-қайшы дәлелдердің екеуінен де бас тарту немесе күту ең соңғы сатыда екенінде талас жоқ. Алайда

мұндағы «бас тарту» ұғымының мағынасы әр әдістің түсіндірмесіне қарай түрліше аталады. Егер қайшылық екі аят арасында болса, олармен дәлел келтіру тоқтатылып, сүннетке жүгініледі. Ал қайшылық екі хадис арасында орын алса, оларды үкімге дәлел ретінде пайдаланбай, сахаба сөзі, қияс немесе шарифаттың жалпы қағидалары сияқты басқа дәлелдермен үкім шығарылады.

Тасақут әдісі іс жүзінде екі түрде көрініс табады:

Бірінші түрі - толық тасақут. Қарама-қайшылық тудырған хадистердің барлығы дәлел ретінде қолданылмай, олардан төмен дәрежедегі дәлелдерге жүгініледі. Мысалы, екі хадис немесе екі сахаба сөзі бір-біріне қайшы келіп, ешқайсына басымдық беру мүмкін болмаса, басқа қияс секілді қағидаға сүйеніп үкім шығарылады.

Екінші түрі – ішінара тасақут. Бұл бір хадисті бірнеше рауи түрлі жолмен жеткізгенде, кейбір риуачттар арасында қайшылық пайда болған жағдайда көрінеді. Мұндайда қайшылық тудырған риуаяттар қалдырылып, риуаяттарында қайшылық жоқ сенімді рауидің хадисін негізге алынады. Бұл тәсіл кейбір еңбектерде де «тасақут» ұғымымен қамтылған. Бұл жағдайды біз «риуаяттарында қайшылық жоқ рауиді, қайшылық болған рауиден артық көру» деп түсіндіруге болады.

Бұған мукатаб құл мәселесі мысал бола алады. Мукатаб құл төлемін толық орындай алмаса, оған қатысты үкімде ханафи ғалымдары арасында әртүрлі пікір қалыптасқан. Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммед пікірінше, егер мукатаб төлем жасауға шамасы келмесе, иесі қазыға шағымданып, қазы оның төлемге әлсіздігін анықтағаннан кейін келісімді бұза алады. Ал Әбу Юсуф екі төлем уақытына дейін күту керек деп есептейді. Бұл мәселеде екі түрлі сахаба сөзі келтіріледі. Оған мысал ретінде Ибн Әби Шейба «әл-Мусанниф» еңбегінде Ибн Омар бір құлын мың динарға мүкәтәб еткені, құл төлемнің көбін өтеп, тек жүз динарын өтей алмаған кезде, Ибн Омар оны қайтадан құлдыққа қайтарғаны баяндалады. Ал Хазірет Али былай деген: «Егер мүкәтәб екі төлем мерзімін қатарынан төлей алмаса және бір жыл өтсе де толық төлемесе, ол қайтадан құлдыққа қайтарылады» [21, 70 б.], – делінеді. Бұл екі сахабаның сөздері бір-біріне қайшы келгендіктен әрі бірін екіншісінен артық көруге нақты негіз табылмағандықтан,

Имам Марғинани бұл екеуі де дәлел ретінде қабылданбайтынын, яғни тасақутқа ұшырайтынын айтады. Мұндай жағдайда төменгі деңгейдегі дәлелге немесе «істің өз күйінде қалуы» құқықтық қағидаға жүгініледі. Осы жерде «بيقى ما كان على ما كان» (болған жағдай өз күйінде қалады) қағидасы негізге алынады. Нәтижесінде Имам Марғинани бұл келісімшартты басқа мәмілелермен салыстыра отырып: «Егер төлеуші тарап төлем қабілетінен айырылса, шарт бұзылады», - деген тұжырым жасайды. Бұл Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммедтің пікірімен сәйкес келеді [22, 85 б.].

Қарама-қайшы хадистерді шешудегі әдістердің реттілігі.

Жасалған талдаулар негізінде хадистер арасындағы қарама-қайшылықты шешуде төрт негізгі әдіс қолданылатыны анықталды: насх, таржих, жамғ және тасақут/тауақуф. Насх – кейінгі келген дәлелдің бұрынғы дәлелдің үкімін жоюы. Таржих – қарама-қайшы дәлелдердің бірін екіншісінен артық болуы. Жамғ – екі дәлелмен де амал етуге мүмкіндік табу. Тасақут/тауақуф – жоғарыдағы әдістердің ешқайсысы мүмкін болмаған жағдайда екі дәлелден де үкім шығармау немесе шешім табылғанға дейін тоқтай тұру. Бұл әдістерді қолдану қажеттігі жайында ғалымдар арасында талас жоқ. Алайда хадистер арасындағы қайшылық жағдайында осы әдістердің қайсысына бірінші кезекте жүгіну керектігі туралы әртүрлі көзқарас орын алған. Жалпы алғанда бұл мәселеде төрт түрлі пікір ұсынылған.

Бірінші көзқарас:

1. Бұл көзқарас бойынша алдымен қарама-қайшы келген екі хадистің айтылған уақыты зерттеледі. Егер олардың уақыты анықталса, кейінгі хадис алдыңғы хадистің үкімін жойған насих дәлел ретінде алынады.

2. Егер екі хадистің айтылу уақыты белгісіз болса, онда біреуін таңдау (таржих) шарттарына сәйкес қарастырылып, екінші хадистің дәлелдік негізі жойылады. Яғни хадистердің бірін екіншісінен артық көруге мүмкіндік болса, ражих хадис негізге алынып, маржух хадиспен амал етілмейді [3, 640 б.].

3. Егер хадистердің уақыттары белгісіз болып, бірін екіншісінен артық көру мүмкін болмаса, екі дәлелді біріктіру жолы қарастырылады. Ал жамғ жасау да мүмкін болмаса,

4. Ал екі дәлелді біріктіру мүмкін болмаса, қияс, шарифаттың жалпы қағидаларына жүгініледі. Бұл реттілікті – Ибн Хумам, Ибн

Әмир Хаж, Кашмири және бірқатар усулшы ғалымдардың ұстанымы [23, 282-283 бб.].

Екінші көзқарас:

1. Бұл көзқарас бойынша, егер хадистердің айтылу уақыты белгілі болса, кейінгі келген хадис бұрын келген хадистің үкімін жояды. Бұл үкімді насх деп атайды.

2. Егер уақыт белгісіз болса, мүмкіндігінше екі хадистің арасын біріктіріп, екеуімен де амал етуге ұмтылу керек.

3. Бұлардың ешбірі де мүмкін болмаса, усул ережелері негізінде үкім жасалады.

Аталған бағытты ұстанғандар Бұхари, Садрушариға, Тафтазани, Фанари және басқада ғалымдар [3, 642 б.].

Үшінші көзқарас:

1. Бұл көзқарас бойынша алдымен қарама-қайшы хадистердің арасын үйлестіруге әрекет жасайды. Егер біріктіру мүмкін болса екі қарама-қайшы хадис бір-бірімен ұштастырылады.

2. Екеуін біріктіру мүмкіндігі болмаса және хадистердің айтылу уақыты белгілі болса, кейінгі хадис алдыңғы хадистің үкімін жойды деп үкім беріледі. Бұны насх деп атаймыз.

3. Егер хадистердің айтылу уақыты белгісіз болса, екеуінің біріне басымдылық беріледі. Бұны таржих деп атаймыз.

4. Ал егер бұл аталған әдістердің ешқайсысы мүмкін болмаса, басқа бір дәлел табылғанға дейін үкім беруден тоқтай тұру керек. Бұл реттілікті Фариси, Шаһ Уәлиулла әд-Даһлауи, әл-Лакнауи, сондай-ақ мәлики, шафиғи және ханбали мазһабының бірқатар ғалымдары [22, 286 б.] және мухадистердің көпшілігі ұстанған [6, 94 б.].

Төртінші көзқарас:

1. Бұл көзқарас бойынша бірінші кезекте екі қарама-қайшы келген хадистердегі дәлелді біріктіру әрекет жасалады.

2. Егер біріктіру мүмкін болмаса, хадистердің айтылу уақыты да анық болмаса, екеуінің біреуіне басымдылық беріліп таңдау жасалынады.

3. Егер екеуінің біріне басымдылық бере алмаса және айтылу уақыты белгілі болса кейінгі хадис алдыңғы хадистің үкімін жойған деп қабылданады.

4. Ал аталған үш түрдің бірі де орындалмаса дәлел табылғанға дейін күтіледі. Бұл жіктеуді Мәлики, Шафиғи және Ханбали фуқһаларынан құралған көпшілік ғалымдар негізге алған [6, 94 б.].

Жоғарыдағы көзқарастардың негізгі айырмашылығы әдістердің реттілігінде көрінеді. Қысқаша келесідей баяндасақ болады.

Жумһурдың реті: 1. Жамғ; 2. Таржих; 3. Насх; 4. Тауаққуф;

Мухаддистердің реті: 1. Жамғ; 2. Насх; 3. Таржих; 4. Тауаққуф;

Ханафилердің реті: 1. Насх; 2. Таржих; 3. Жамғ; 4. Тасақут.

Бірінші айырмашылық – ханафи ғалымдары таржихты жамғтан бұрын қояды. Ал үш мазһабтың мужтаһидтері және мухаддистер «дәлелмен амал жасау – оны амалсыз қалдырудан артық» деген ережені дәлелге алып, алдымен жамғ әдісін қолдануды жөн көреді. Яғни екі хадиспен де бірдей амал ету мүмкін болса, тек бірін ғана таңдап, екіншісін қалдыру дұрыс емес деп есептейді. Сол себепті жамғ таржихтан абзал. Ханафи ғалымдарының ұстанымында, егер екі хадистің бірі дәлелдік тұрғыдан екіншісінен басым екені айқын болса, оларды тең дәрежеде үйлестіруге ұмтылу дұрыс емес. Себебі ражих дәлел бар жерде маржух дәлелмен амал ету ақылға және құқықтық жүйелікке сай келмейді.

Екінші айырмашылыққа қатысты екі тараптың дәлелдері; ханафи ғалымдары насхты жамғтан бұрын қояды. Ал, үш мазһаб имамдары және мухаддистер екі хадисті жамғ жасауға тырысып, бұл әдісті насхтан үстем деп қабылдайды. Себебі олардың көзқарасында насау – бір дәлелді үкім дәрежесінен түсіріп тастау дегенді білдіреді. Сондықтан ол ең соңғы әдістердің бірі ретінде қолданылуы тиіс.

Ханафи ғалымдары бұл сынға жауап ретінде насхтың барлық түрін емес, нақты мәтіндік негізі бар насхты бірінші орынға қоятынын айтады. Әнуар Шаһ Кашмири бұл сынға былай жауап береді. Біз бұл үстемдікті мінсіз деп айта алмаймыз. Себебі ақылға салсаңыз, хабарларды саралаудың соңғы қадамы насх болуға тиіс. Демек насх бүкіл әдістердің соңғысы болуы керек. Алайда ханафилердің басымдық беретін насхы ижтиһади насх емес, діни мәтіндерде насспен бекітілген насх» дегенге саяды. Бұның мәнін мына хадистер ашықтайды. «Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Бұдан былай қабірді зиярат етіңіздер!» осы сияқты хадистерде насх анық айтылған. Осындай насхтың бірінші кезекте тұру керектігін ақылы дұрыс ешбір жан күмән келтірмейтіндігі анық. Себебі Пайғамбардың (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын) өзінің осындай анық

сөзі тұрғанда, ол тақырыптардағы дәлелдерді қосып амал ету немесе біреуін таңдау (таржих) әдістеріне ұмтылу ақылға қонымсыз болары анық [16, 288 б.]. Сондықтан ханафи әдіснамасында насх бірінші орынға қоюы, бұл кез келген қайшылықта насыхқа асығыс жүгіне салу дегенді білдірмейді. Керісінше, насх нақты мәтіндік, тарихи дәлдік негіз болған кезде ғана қолданылады.

Хадистер арасындағы қарама-қайшылық мәселесінде негізгі ғылыми проблема – бұл қайшылықтар шынайы ма, әлде мужтаһидтің мәтінді түсіну, дәлелдерді жүйелеу және тарихи контексті анықтау барысындағы сыртқы қайшылық па деген сұраққа тіреледі. Ханафи ғалымдарының пікірінше, шарифи дәлелдер арасында шынайы қайшылық болмайды. Қайшылық көп жағдайда дәлелдердің айтылу уақыты, тілдік құрылымы, риуаятшы ерекшелігі толық анықталмаған жағдайда пайда болады.

Бұл тұрғыдан алғанда, ханафи әдіснамасының ерекшелігі – хадисті жеке мәтін ретінде ғана емес, тұтас құқықтық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастыруында. Сондықтан ханафилардың кейбір хадистерге амал етпеуі хадисті тәрк ету емес, дәлелдік салмағы құқықтық контекст арқылы түсіндірілуінде. Жумһур ғалымдар мен мухаддистер қайшылық жағдайында әуелі жамғ әдісін қолдануға басымдық берсе, ханафи ғалымдары насх пен таржихты алдыңғы орынға қояды. Егер екі хадистің айтылу уақыты анықталып, кейінгі келген хадис алдыңғы үкімді жойғаны белгілі болса, онда олардың арасын жамғ арқылы үйлестіру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес деп саналады.

Ханафи әдіснамасында таржих ерекше орын алады. Себебі таржих әдісінде хадистің мәтіні және санадының сахихтығы ғана емес, рауидің фақиһ болуы әрі Құранға, мәшһур сүннетке сәйкестігі де ескеріледі. Ал жамғ әдісі сырттай қарағанда ең тиімді тәсіл көрінгенімен, дәлелсіз жасалған тәуил ғылыми негізге жатпайды. Сондықтан ханафи ғалымдары жамғты тілдік, құқықтық негізі болған жағдайда ғана қолданылады. Осы себепті ханафи әдісінде жамғ насх пен таржихтан кейінгі үшінші сатыда қарастырылады.

Тасақут немесе тауақуф әдісі ең соғы амал ретінде қолданылады. Егер екі хадистің айтылу уақыты анықталмаса, бірін екіншісінен артық көре алмаса және оларды құқықтық негізде біріктіру мүмкін болмаса, онда мұндай хади-

спен үкім шығарылмайды. Ханафи мазһабабы жүйелі төрт сатылы әдіснамасы насх, таржих, жамғ және тасақут. Бұл жүйе ханафи мазһабабының хадиске амал етуде тек риуаяттық өлшеммен шектелмей, құқықтық-әдіснамалық өлшемдерді де қатар қолданғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, хадистер арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мәселесі ислам құқық методология ілімінің (усул әл-фиқһ саласының) ең күрделі әрі маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл салада жүргізілген зерттеулер мұсылман ғалымдарының діни мәтіндерді түсіндіруде, жүйелеуде және практикалық үкім шығаруда аса ұқыпты әдіснамалық ұстанымға сүйенгенін көрсетеді.

Аталмыш әдістердің барлығы ортақ негізге сүйенгенімен, олардың қолданылу реттілігі мен басымдық тәртібі мазһабтар мен ғалымдар арасында әртүрлі түсіндірілген. Атап айтқанда, Ханафи мазһабабының ғалымдары бұл ретте өздеріне тән ерекшелікті танытқан. Олар дәлелдер арасында нақты насх анықталған жағдайда оны бірінші кезекте қабылдауды жөн көрген.

Ханафи ғалымдарының мұндай тәсілі олардың мәтін мен мағынаны ұштастыра отырып, құқықтық жүйелілікті сақтауға бағытталған рационалды ижтиһадтық ұстанымын көрсетеді. Олар дәлелдер арасындағы үкімді жоюды (насхты) тек нақты тарихи және мәтіндік негіз болған жағдайда ғана қолданған. Бұл тұрғыдан алғанда, ханафилардың әдісі фиқһ ғылымындағы реттілік, дәлдік және рационалдық принциптеріне сүйенеді.

Қорытынды

Зерттеу еңбегінде ханафи мазһабабының хадис әдіснамасындағы қайшылықтарды жоюға қатысты теориялық және методологиялық қағидалары талданған. Әрі методологиялық жүйесінің ішкі логикасын, қазіргі діни тәжірибедегі қолданбалы әлеуетін жан-жақты айқындап береді. Автор мәселені тарихи деректер, фиқһ және хадис ілімінің негізгі ұстанымдары аясында қарастырып, мазһабтық әдістемелердің айырмашылықтарына да тоқталады. Зерттеу барысында қарастырылған иерархиялық (насх, таржих, жамғ, тасақут) жүйесі ханафи усул ғалымдарының дәлелдерді бағалау механизмдері мен аналитикалық бағытын көрсетеді.

Аталмыш бұл әдіс-тәсілдер тек классикалық құқықтық теория шеңберінде ғана емес, қазіргі Қазақстан қоғамының діни-идеологиялық кеңістігінде өзектілікке ие. Себебі радикалды діни топтар жекелеген хадистерді құқықтық әдіснаманы ескермей шариғи нормаларды бей-берекет ұстану арқылы алауыздық тудырады. Ал ханафи әдіснамасы, әрі оны ұстанушы ҚМДБ мұндай негізсіз тәсілге жол бермейді. ҚМДБ ресми ұстанымы құқықта ханафи мазһабы, сенімде матуриди мектебі – қоғамдағы діни тұрақтылықты және құқықтық сабақтастықты қамтамасыз етуде әдіснамалық негіз болып табылады. Оған ҚМДБ әдістемелік құжаттарында, діни ағартушылық қызметінде ханафи құқықтық ережелер басшылыққа алынады.

Атап айтқанда, ханафи әдіснамасы құқықтық тұрақтылық пен шариғи нормаларды бірізділікте сақтауға бағытталған рационалды-аналитикалық жүйе ретінде көрніс табады. Біріншіден, қайшылық табиғаты және себептері: Мақалада көрсетілгендей, шариғи дәлелдер арасында қарама-қайшылықтар шынайы мәнде болмайды. Олар көбіне:

- мәтіндердің түсу уақыты мен себебін білмеуден;

- насх пен мансухты айыра алмаудан;

- тілдік ерекшеліктер мен араб мәдениетінің стилистикалық құрылымдарын ескермей түсіндіруден;

- риуаятшылардың жеткізу тәсілдерінен туындайды.

Бұл түсіндіру ханафи ғалымдарының әдіснамасында шариғи дәлелдер арасында түбегейлі қайшылық болмайды деген қағиданың үстемдігін дәлелдейді. Егер қайшылық орын алса, ол мужтаһидтің дәлелдер арасындағы байланысты толық анықтай алмауынан.

Екіншіден, ханафи мектебінде хадистер арасындағы қарама-қайшылықты шешудің негізгі реті – насх, таржих, жамғ және тасақут түрінде жүйеленеді. Мақалада олардың теориялық негіздері мен қолданылу тәртібі нақты сипатталған. Бұл жүйелеу ханафи мектеп өкілдерінің құқықтық ойлауындағы ерекше методологиялық қатаңдықты, дәлелдерге иерархиялық тұрғыдан қарауды көрсетеді.

Үшіншіден, басқа мазһабтардан айырмашылығы зерттелген. Мақалада ханафилердің көзқарастары жәмһур (мәлики, шафиғи, ханбали) және мухаддистердің ұстанымдарымен салыстырылған. Жәмһур мен мухаддистер қарама-қайшылықты шешуде «жамғты» бірінші орынға қойса, ханафи-

лер керісінше «насх» басымдық береді. Насхты бірінші орынға қою хадисті амалдан қалдыруды мақсат етпейді. Керісінше егер кейінгі дәлел алдыңғы үкімді жойғаны нақты белгілі болса, сол шариғи дәлелдер арасындағы қайшылықты дұрыс шешудің жолы ретінде қарастырылады. Бұл – олардың ақыл мен жүйелі құқықтық құрылымды жоғары қойғанының дәлелі.

Төртіншіден, таржихәдісі ханафи мазһабында кең қолданылған. Ханафи әдіснамасында риуаятшының фикһтық деңгейі, риуаяттың мазмұны, Құран мен сүннетке сәйкестігі ерекше назарға алынады. Фақиһ риуаятшылардың жеткізген хадистері артық саналып, мағынамен жеткізілген риуаяттардың мазмұнын түсіну қабілетіне назар аударылған. Бұл ұстаным ханафи ғалымдарының хадис-ке тек мәтіндік тұрғыда емес, құқықтық мәні мен қолданылу аясына қарай баға бергенін көрсетеді.

Бесіншіден, жамғ әдісі ханафилер усулында мойындалғанымен, оны жүзеге асыруда тілдік, құқықтық негізге сүйенген дәлелді тәуил негізгі шарт ретінде қарастырады.

Алтыншыдан, тасақут әдісі ең соңғы саты. Бұл әдіс алғашқы үш тәсіл арқылы мәселе шешілмеген жағдайда ғана қолданылады. Мұндай жағдайда мужтаһид қиясқа, сахаба сөзіне немесе шариғи қағидаларға жүгінеді.

Бұл ұстаным діни мәтінді тек риуаяттық тарапынан ғана емес, оның қолдану мағынасын және әлеуметтік салдарын кешенді зерделеуді талап етеді. Мұндай әдіс ҚМДБ қарасты медресе-колледж, жоғары діни оқу орындарының білім жүйесі үшін де маңызды. Себебі қоғамдағы радикалды діни топтардың хадистер мән-мәтінін тікелей алып, тарихи-мәдени құндылықтарды ескермей шариғи нормаларды өз бетінше пайымдауда.

Мақалада хадистерді үйлестіру (жамғ) мен басымдық беру (таржих) әдістерін теңгерімді қолдану жүйесі қазіргі қоғамдағы дәстүрлі діни сананың сабақтастығын сақтауға да оң әсер етеді. Кешегі ғасырлар бойы қазақ даласында орныққан ханафи құқықтық тәжірибе әдет-ғұрыппен үйлесімділікке, қоғамдық тұрақтылыққа басымдық берген. Сол тәжірибе бүгінгі қоғамдағы толеранттылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді үлгісі ретінде өз маңызын алып отыр.

Ханафи мазһабының хадистер арасындағы қайшылықты шешу әдістемесі хадис мәтіндерін шығару емес, оларды дәлелдік дәрежесіне, тарихи уақытына, риуаяттық сипатына және құқықтық жүйедегі орнына саралауға

негізделген. Бұл әдістер ханафи усулының рационалды, жүйелі және дәлелге негізделген құқықтық мектеп екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері тек теориялық құқықтық жүйе ғана емес, Қазақстан қоғамының діни ахуалын, пәтуалық тәжірибесі мен діни-ағартушылық стратегиялық маңызға ие әдіснамалық платформа екенін көрсетеді. Бұл әдіснама дәстүрлі ислам құндылықтарды нығайтып радикализмнің алдын алу арқылы діни тұрақтылықты қалыптастыру бағытында маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда ханафи мазһабының хадистер арасындағы қайшылықтарды жою әдіснамасын терең білу, оны қазіргі діни тәжірибеде белсенді қолдану еліміздегі ислам құқықтануының дамуы мен ұлттық діни бірегейліктің сақталуына елеулі үлес қосады. Сол себепті ағартушылық айналымға енгізу маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1 Suud S. K., Arif S. The Hanafi School of Islamic Jurisprudence Literature: A Historical Account // Journal of Islamic History and Manuscript. – 2023. – Vol. 2. – No. 1. – P. 1–20.

2 Gaybullayev S., Ashurovich K. The Entry and Development of the Science “Usul al-Fiqh” in Mawarounnahr // – 2021. – P. 6735–6741.

3 Абдулмажид әт-Туркмани. Дирасату фи усули әл-хадис ала манһажи әл-ханафия. – Карачи: Жамиғату улуми әл-исламия, 2021. – 749 б.

4 Сарахси М. Усул әс-Сарахси. – Бейрут: Дәр әл-мағрифа, 1993. – Т. 2. – 370 б.

5 Сайфуддин әл-Амиди. әл-Ихкам фи усули әл-ахкам. – Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 1980. – Т. 4. – 344 б.

6 Абдуллахман Ғафур. Ханафи фақиһи Бурхану әд-Дин Марғинанидің «Һидая» еңбегіндегі хадистер арасындағы қайшылықты жою әдісі. – Анкара, 2023. – 219 б.

7 Әділбаев А., Әділбаева Ш., Оқанұлы С. Ислам құқығы негіздері. – Алматы: Муфтият баспасы, 2024. – 496 б.

8 Sambo A. A., Sarumi I. A. R. A Jurisprudential Appraisal of Conflicting Islamic Legal Texts // Journal of Shariah Law Research. – 2021. – Vol. 6. – No. 2. – P. 167–180.

9 Muhammad K. R., Munawar H. Human Rights in the Quran: Addressing Criticisms on Freedom of Religion and Apostasy // Journal of Religion and Society. – 2025. – Vol. 4. – No. 1. – P. 1–18.

10 Ramadhan N., Haqi M., Hanafi Y. History of the Development of Islamic Theology // Al-Masail: Journal of Islamic Studies. – 2024. // [Электронды ресурс]. DOI: <https://doi.org/10.61677/al-masail.v2i2.206> (Қаралған күні: 05.10.2025).

11 Хусамаддин Хусайн ибн Али әс-Сифанақи. Китабу әл-Уафи фи усули әл-фиqh. – Каир: Дару әл-Қаһира, 2003. – Т. 2–3. – 1465 б.

12 Bakar A. A., Sahman S. The Renewing of Usul al-Fiqh: Challenges, Limitations and Future Directions // Indonesian Journal of Islamic Economic Law. – 2024. – No. 2. – P. 105–122.

13 Мүслим ибн әл-Хажжаж. Сахих Мүслим. – Бейрут: Дар әл-кутуб әл-ғилмия, 2011. – 1200 б.

14 Бурхану әд-Дин әл-Марғинани. Әл-Һидая. – Мадина: Дару әс-Сираж, 2019. – Т. 3. – 568 б.

15 Али ибн Мухаммед әл-Баздауи. Канзу усул ила мағрифати әл-усул. – Мадина: Дару әс-Сираж, 2016. – 837 б.

16 Абдулмажид әт-Туркмани. Әл-Мадхалу ила усули әл-хадис ала манһажи әл-ханафия. – Байрут: Дару әр-рияхин, 2018. – 341 б.

17 Ибн Мажа Әбу Абдулла Мухаммед ибн Язид әл-Қазуини. Сунану Ибн Мажа. – Байрут: Дару ихия әл-китаб әл-араби. – Т. 1. – 720 б.

18 Әбу Абдулла Мухаммед ибн Исмағил әл-Бухари. Сахих әл-Бухари. – Байрут: Дару ибн Касир, 2002. – 1944 б.

19 Anshori A. Y., Abdurrahman L. T. History of the Development of Mazhab, Fiqh and Uşul al-Fiqh: Reasoning Methodology in Islamic Law // Samarah: Jurnal Hukum Keluarga dan Hukum Islam. – 2025. – Vol. 9. – No. 1. // [Электронды ресурс]. URL: <https://journal.arraniry.ac.id/index.php/samarah/article/view/25355> (Қаралған күні: 02.10.2025).

20 Garip H. S. Hadislerde Görülen İhtilaflar ve Çözüm Yolları (Muhtelifü'l-Hadis İlimi), İsmail Lütfi Çakan // İslami İlimler Araştırmaları Dergisi. – 2022. – № 11. – С. 190–193.

21 Ибн Әби Шәйба. әл-Мусаннаф. – Байрут: Дару кунуз ишбилия, 2015. – № 22752–22754. – 564 б.

22 Бурхану әд-Дин әл-Марғинани. Әл-Һидая. – Мадина: Дару әс-Сираж, 2019. – Т. 6. – 568 б.

23 Абдулмажид әт-Туркмани. Ханафи хадис әдіснамасына кіріспе. – Астана: Муфтият баспасы, 2023. – 325 б.

24 Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // [Электронды ресурс]. URL: https://prg.kz/document/?doc_id=31067812 (Қаралған күні: 25.05.2026).

Transliteration

1 Suud S.K., Arif S. The Hanafi School of Islamic Jurisprudence Literature: A Historical Account // Journal of Islamic History and Manuscript. – 2023. – Vol. 2. – No. 1. – P. 1–20.

2 Gaybullayev S., Ashurovich K. The Entry and Development of the Science “Usul al-Fiqh” in Mawarounnahr. – 2021. – P. 6735–6741.

3 Abdulmajid al-Turkmani. Dirasat fi usul al-hadith ala manhaj al-hanafiyah [Studies in the principles of Hadith according to the Hanafi methodology]. – Karachi: Jamiatu Ulumi al-Islamiyyah, 2021. – 749 b. (in Arab)

4 Sarakhshi M. Usul al-Sarakhshi [The principles of al-Sarakhshi]. – Beirut: Dar al-Ma’rifa, 1993. – Vol. 2. – 370 b. (in Arab)

5 Sayf al-Din al-Amidi. Al-Ihkam fi usul al-ahkam [The perfection in the principles of legal rulings]. – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 1980. – Vol. 4. – 344 b. (in Arab)

6 Abdurrahman Gafur. Hanafi faqihy Burhan al-Din Marghinanidin «Hidaya» enbegindegi hadisler arasindaḡy qashshylyqty joyu adisi [The method of resolving contradictions among Hadiths in the work “al-Hidaya” by the Hanafi jurist Burhan al-Din al-Marghinani]. – Ankara, 2023. – 219 b. (in Kaz)

7 Adilbaev A., Adilbaeva Sh., Oqanuly S. Islam

quqygy negizderi [Foundations of Islamic law]. – Almaty: Muftiyat baspasy, 2024. – 496 b. (in Kaz)

8 Sambo A.A., Sarumi I.A.R. A Jurisprudential Appraisal of Conflicting Islamic Legal Texts // Journal of Shariah Law Research. – 2021. – Vol. 6. – No. 2. – P. 167–180.

9 Muhammad K.R., Munawar H. Human Rights in the Quran: Addressing Criticisms on Freedom of Religion and Apostasy // Journal of Religion and Society. – 2025. – Vol. 4. – No. 1. – P. 1–18.

10 Ramadhan N., Haqi M., Hanafi Y. History of the Development of Islamic Theology // Al-Masail: Journal of Islamic Studies. – 2024. // [Electronic source] DOI: <https://doi.org/10.61677/al-masail.v2i2.206> (the date of referring: 05.10.2025).

11 Husam al-Din Husayn ibn Ali al-Sighnaqi. Kitab al-Wafi fi usul al-fiqh [The Book of the Complete Work on the Principles of Islamic Jurisprudence]. – Cairo: Dar al-Qahira, 2003. – Vols. 2–3. – 1465 b. (in Arab)

12 Bakar A.A., Sahman S. The Renewing of Usul al-Fiqh: Challenges, Limitations and Future Directions // Indonesian Journal of Islamic Economic Law. – 2024. – No. 2. – P. 105–122.

13 Muslim ibn al-Hajjaj. Sahih Muslim [The authentic collection of Muslim]. – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 2011. – 1200 b. (in Arab)

14 Burhan al-Din al-Marghinani. Al-Hidaya [The guidance]. – Medina: Dar al-Siraj, 2019. – Vol. 3. – 568 b. (in Arab)

15 Ali ibn Muhammad al-Bazdawi. Kanz al-usul ila ma'rifat al-usul [The treasure of principles for understanding the principles]. – Medina: Dar al-Siraj, 2016. – 837 b. (in Arab)

16 Abdulmajid al-Turkmani. Al-Madkhal ila usul al-hadith ala manhaj al-hanafiyyah [Introduction to the principles of Hadith according to the Hanafi methodology]. – Beirut: Dar al-Rayahin, 2018. – 341 b. (in Arab)

17 Ibn Majah Abu Abd Allah Muhammad ibn Yazid al-Qazwini. Sunan Ibn Majah [The Sunan of Ibn Majah]. – Beirut: Dar Ihya al-Kitab al-Arabi. – Vol. 1. – 720 b. (in Arab)

18 Abu Abd Allah Muhammad ibn Ismail al-Bukhari. Sahih al-Bukhari [The authentic collection of al-Bukhari]. – Beirut: Dar Ibn Kathir, 2002. – 1944 b. (in Arab)

19 Anshori A.Y., Abdurrahman L.T. History of the Development of Mazhab, Fiqh and Uşul al-Fiqh: Reasoning Methodology in Islamic Law // Samarah: Jurnal Hukum Keluarga dan Hukum Islam. – 2025. – Vol. 9. – No. 1. // [Electronic source] URL: <https://jurnal.arraniry.ac.id/index.php/samarah/article/view/25355> (the date of referring: 02.10.2025).

20 Garip H.S. Hadislerle Görülen İhtilaflar ve Çözüm Yolları (Muhtelifü'l-Hadis İlmi), İsmail Lütfi Çakan [Conflicts found in Hadiths and methods of resolution: the science of Mukhtalif al-Hadith, by İsmail Lütfi Çakan] // İslami İlimler Araştırmaları Dergisi. – 2022. – No. 11. – P. 190–193. (in Turk)

21 Ibn Abi Shaybah. Al-Musannaf [The compiled work]. – Beirut: Dar Kunuz Ishbiliya, 2015. – No. 22752–22754. – 564 b. (in Arab)

22 Burhan al-Din al-Marghinani. Al-Hidaya [The guidance]. – Medina: Dar al-Siraj, 2019. – Vol. 6. – 568 b. (in Arab)

23 Abdulmajid al-Turkmani. Hanafi hadis adis-namasyna kirispe [Introduction to Hanafi Hadith methodology]. – Astana: Muftiyat baspasy, 2023. – 325 b. (in Kaz)

24 Kazakistan Respublikasynyn «Dini qyzmet zhane dini birlestikter turaly» Kazakistan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On Religious Activities and Religious Associations”] // [Electronic source] URL: https://prg.kz/document/?doc_id=31067812 (the date of referring: 25.05.2026). (in Kaz)

Авторлардың үлесі: Омаров М.А. - мақаланың негізгі концепциясын әзірлеу, мәтінді жазу, әдебиеттерге шолу жасау, мәтінді редакциялау. Жоламан Б. - автор-корреспондент, зерттеу құрлымын үйлестіру ғылыми-әдістемелік сараптау, мақаланы журнал талаптарына сәйкестендіру. Құрманалиев М.Т. - деректерді талдау, техникалық рәсімдеу және библиографикалық реттеу.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Мұрат Абдулқасымұлы Омаров</i>	PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: murat93kz@mail.ru , ORCID ID: 0009-0005-4463-1730
<i>Жоламан Бұлан</i>	PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: jolamanbulan@gmail.com , ORCID ID: 0000-0003-4595-1830
<i>Мақсат Тамабайұлы Құрманалиев</i>	докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: maxattarazi@gmail.com , ORCID ID: 0009-0006-5054-1288
<i>Мурат Абдулкасымулы Омаров</i>	PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: murat93kz@mail.ru , ORCID ID: 0009-0005-4463-1730
<i>Жоламан Бұлан</i>	PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: jolamanbulan@gmail.com , ORCID ID: 0000-0003-4595-1830
<i>Мақсат Тамабаевич Құрманалиев</i>	PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: maxattarazi@gmail.com , ORCID ID: 0009-0006-5054-1288
<i>Murat Omarov</i>	PhD Student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: murat93kz@mail.ru , ORCID ID: 0009-0005-4463-1730
<i>Zholaman Bulan</i>	PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: jolamanbulan@gmail.com , ORCID ID: 0000-0003-4595-1830
<i>Maxat Kurmanaliyev</i>	PhD student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: maxattarazi@gmail.com , ORCID ID: 0009-0006-5054-1288